

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақмола облысы бойынша филиалының Степногорск қалалық Тіркеу және жер кадастры бөлімі

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК
ТІРКЕУ 2021 ж. «18» ноябрь жүргізілді
БСН 18124005352
№ 977-1802-16-1149-111



Ақмола облысы әкімдігінің
2021 жылғы 7 маусымдағы
№А-6/288 қаулысымен
бекітілді



«Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы Степногорск қаласының жоғары колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. «Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы Степногорск қаласының жоғары колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдастыру- құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады.

2. Ақмола облысының әкімдігі Кәсіпорынның құрылтайшысы болып табылады.

3. «Ақмола облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган (бұдан әрі – тиісті саланың өкілетті органы) болып табылады.

4. Кәсіпорынның атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы Степногорск қаласының жоғары колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

5. Кәсіпорынның орналасқан жері: индексі 021500, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Степногорск қаласы, 4 ықшам аудан, 130/1 ғимарат.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

6. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

7. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

8. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

9. Кәсіпорын жасасқан және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық

актілерінде өзгеше көзделмесе, тіркелген кезден бастап жасалған болып есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

10. Кәсіпорын қызметінің мәні білікті кадрларды, оның ішінде жұмысшыларды, орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврларды даярлауға бағытталған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

11. Кәсіпорын қызметінің мақсаттары болып:

1) ұлтық және адамзатқа ортақ құндылықтар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде тұлғаның қалыптасуына, дамуына және кәсібі дамуына бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайларды жасау;

2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік және салауатты өмір салтының мықты негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы интеллектіні байыту;

3) азаматтығы мен патриотизмді тәрбиелеу, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілік, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеу, халық дәстүрлерін құрметтеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу, республиканың әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін қалыптастыру, тұлғаның өзінің құқықтары мен міндеттеріне деген саналы қарымқатынасы;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне кірісу, қазақ және республикамыздың басқа да халықтардың тарихы, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін зерттеу, мемлекеттік, орыс, шет тілдерін игеру;

6) педагогикалық қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін көтеруді қамтамасыз ету;

7) автономияны кеңейту білім беру ұйымдарының тәуелсіздігі, білім беруді басқаруды демократияландыру;

8) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

9) жалпы білім беру, жұмыс орнында оқыту және еңбек нарығының қажеттіліктерін қамтамасыз ететін және білім мен құзыреттілікке негізделген қоғамдағы өздерінің және әлеуетін барынша арттыруға көмектесетін өмір бойы оқыту жүйесін дамыту;

10) білім беру, ғылым және өндіріс интеграциясы;

11) білім алушылардың кәсібі ынталандыруын қамтамасыз ету;

12) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік серіктестермен белсенді өзара іс-әрекет жасау арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің озық қарқынмен дамуын қамтамасыз ету;

13) арнайы білім беру қажеттіліктері бар адамдардың білім алуына ерекше жағдай жасау.

12. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін Кәсіпорын келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

2) ішкі ережелерді әзірлеу және бекіту;

3) жұмыс оқу жоспарларын және жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

4) оқытудың қысқартылған мерзімі бар білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

5) оқу-тәрбие жұмысын оқу жылына бекітілген оқу-тәрбие кесте негізінде, теориялық және практикалық сабақтар кестесіне сәйкес жүзеге асырады;

6) оқытудың жаңа технологияларын сынақтан өткізу, білім берудің жаңа мазмұнын енгізу үшін эксперимент режимінде (эксперименттік алаңдарда) жұмыс істейтін білім беру ұйымдарында іске асырылатын эксперименттік білім беру бағдарламаларын әзірлейді;

7) кредиттік технологияларды және қашықтықтан оқыту технологияларын қоса алғанда, жаңа оқыту технологияларын енгізу;

8) білім алушылардың оқу үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестациялау;

9) білім алушылардың жұмыс біліктілігінің қорытынды аттестациялау нәтижелері бойынша орта буын маманы, қолданбалы бакалавр біліктіліктерін тиісті білім беру деңгейінің берілуімен мемлекеттік құжаттарды беру арқылы біліктіліктерді тағайындау;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өздерінің қаржы ресурстары негізінде мемлекеттік білім беру ұйымдарында қызметкерлерге лауазымдық жалақылар, төлем ақы, үстеме ақы және өзге де ынталандыру төлемдерін белгілеу;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлауды қамтамасыз ету;

12) материалды-техникалық қамсыздандыру, жабдықтар мен құрылғылар;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ақылы негізде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) ұсыну;

14) кәсіптік білім беру саласындағы әлеуметтік әріптестікті дамыту, білім беру жүйесі қызметінің нәтижесін арттыруға бағытталған және экономика мен жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес кадрлар даярлау деңгейіне қол жеткізу;

15) өнеркәсіппен оқыту байланыстарын нығайту, оның ішінде дуалды оқытуды енгізу, қосымша қаржыландыру көздерін тарту, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік серіктестік негізінде жұмыс берушілердің қаражатын тарту;

16) практиканың негізі ретінде ұйымдарды анықтаудың кәсіби практикасын ұйымдастыру мен жүргізу ережелерін әзірлеу және бекіту;

17) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісім бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен білім алушыларды тағаммен қамтамасыз ету;

18) білім алушыларды медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету;

19) білім алушылардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді;

20) балалардың денсаулық пен дамуына зиян келтіретін ақпараттарға қол жетімділігін шектеуге арналған байланыс операторларының қызметтерін пайдалана отырып, білім алушыларға Ғаламторға кіруге мүмкіндік беру;

21) білім алушылардың жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша жеңілдіктер мен материалдық көмек түрлерін уақытылы ұсынуды қамтамасыз ету;

22) білім алушыларды белгіленген нормалардан төмен емес ұстау және тұру жағдайларын қамтамасыз етеді;

23) қоғамдық өзін-өзі басқару органдары мен қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жәрдемдесу;

24) кадрларды кәсіби дайындаудың заманауи нысандарын, оның ішінде мобильдік оқу орталығы арқылы енгізу.

13. Кәсіпорында Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен Кәсіпорынның жасайтын келісімдері негізінде мамандық алу бойынша білім беру ақылы қызметтерін іске асыру арқылы мамандарды даярлау іске асырылады.

14. Кәсіпорын бюджет қаржылары есебінен көрсетілетін білім беру қызметтері көлемінің үстінен ақылы негізде білім беру қызметтерін ұсынуға, өндірістік-шаруашылық қызметінен табыс алуға және өздері өндірген өнімді өздігінен сатуға құқылы.

15. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Кәсіпорынға кіру тәртібі қабылдаудың Үлгі ережелері бойынша белгіленеді.

Мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес оқуға қабылданған колледж студенттері колледж белгілеген тәртіпте жатақханадағы орынмен қамтамасыз етіледі.

Оқу орны білім алушының тұлға құқықтарының сақталуына және оның әлеуметтік қорғалуына жауап береді.

16. Білім алушыларды ауыстыру және оқуға қайта қабылдау техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің Үлгі ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

17. Медициналық консультативтік комиссияның қорытындысы, әскери қызметке қабылдау күн тәртібі негізінде, білім алушыларға академиялық демалыс беру.

18. Кәсіпорындағы тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Кәсіпорын қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білуге, сондай-ақ мемлекеттік жалпыға міндетті техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарттарына сәйкес орыс тілі мен ағылшын тілін оқуға жағдай жасайды.

19. Оқыту тәртібі:

Колледждегі оқу жылы екі семестрден тұрады, білім берудің сызықтық технологиясы және оқытудың кредиттік технологиясымен триместрлер. Сабақтар 1 қыркүйекте басталады және нақтылы мамандық бойынша оқу процесі кестесіне сәйкес аяқталады.

Демалыстар ұзақтығы оқу процесі кестесіне және мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес анықталады.

Оқушылардың оқу жүктемесінің жоғары көлемі, аудиториялықтан тыс оқу жұмыстарының барлық түрлері аптасына 54 сағаттан аспауы тиіс. Оқушылардың міндетті жүктемесі күндізгі оқыту жүйесі кезінде теориялық оқыту кезеңінде аптасына 36 сағаттан аспауы тиіс, аталған көлемге факультативтік пәндер және ақыл-кеңестер бойынша сабақтар кірмейді.

Оқушылардың кәсіби тәжірибеден өту кезеңінде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жасы бойынша кәсіпорындар, мекемелер тәртібі бойынша жұмыс істейді. Жасы 18-ге толғандар үшін оқытудың апталық жүктемесі 40 сағатты құрауы мүмкін.

Аудиториялық сабақтардың барлық түрлері үшін екі академиялық сағаттан қосылған сабақтан кейін 10 минут үзіліс беріледі. Оқушылардың тамактануын ұйымдастыру мақсатымен екі қосылған сабақтан кейін ұзақ үзіліс қарастырылады.

Жұмыс тәртібі: бес күндік жұмыс аптасы.

20. Ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттау түрі, тәртібі мен кезеңділігі жұмыс оқу жоспарлары және бағдарламалары негізінде жасалады және анықталады.

Оқушыларды аттестаттауы оқу жоспарының барлық күндері бойынша төрт және одан астам апталық жүктемесі болса, ай сайын өткізіледі. Әр семестрде қорытынды бағалау ағымдағы аттестаттау нәтижесі мен емтихандық сессия нәтижелері негізінде шығарылады. Семестрге, триместрге, 3 немесе одан да көп пәндерден аттестаттау нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушы колледжден шығарылады.

21. Кәсіпорын мен студенттер арасындағы қарым-қатынас Жарғы және ішкі тәртібінің Ережесімен айқындалады.

Кәсіпорын құқылы:

1) Кәсіпорынның бекітілген ішкі тәртіп Ережелеріне сәйкес білім алушылардан өз міндеттерін адал және тиісті дәрежеде орындалуын, оқу тәртібін сақталуын, сонымен қатар білім беру ұйымының оқытушыларына, қызметкерлеріне және білім алушыларына құрметпен қарауын талап етуге;

2) білім алушыларға Жарғы талаптарын, оқу тәртібін, ішкі тәртіп Ережелерін бұзғаны үшін тәртіптік ықпал ету шарасын қолдануға;

3) білім алушыдан білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарауды, компьютерлік және басқа да техникамен жұмыс істеу ережесін сақтауды талап ету. Білім алушының әрекетімен материалдық нұқсан келтірілген жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларымен қарастырылған тәртіпте оны қалпына келтіру үшін шығынның орнын толтыруды талап етуге;

4) білім алушыларды оқу, ғылыми және шығармашылық табыстары үшін марапаттау және мадақтауды іске асыруға.

Білім алушы құқылы:

1) мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) педагогикалық кеңестің шешімі бойынша жеке оқу жоспарларына, білім беру бағдарламаларын қысқартуға сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары бойынша білім алуға;

3) оқу жоспарына сәйкес балама курстарды таңдауға;

4) косымша білім беру қызметтерін, олардың біліміне және ақылы қажеттіліктеріне қарай білім алуға;

5) студенттік өзін-өзі басқару органдарына қатысуға;

6) Кәсіпорын басшысының бұйрығымен бір оқу орнынан екіншісіне, бір мамандықтан немесе білім беру бағдарламасынан екіншісіне ақылы негізде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша немесе білім берудің бір түрінен екіншісіне ауысуға;

7) Білім беру ұйымдарында ақпараттық ресурстарды, оның ішінде мүтедектер, кемтар балалар үшін қолжетімді нысанда тегін пайдалануға, мүтедектер, кемтар балалар үшін оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етуге;

8) спорттық, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптар мен кітапхананы тегін пайдалануға;

9) ақылы негізде оқыған жағдайда оқу ақысын кезең-кезеңмен төлеуге, ал тегін сомасы, еңбектік шығындардың ұлғаюы жағдайында, тараптардың келісімімен жылына бір реттен артық емес өзгертілуі мүмкін;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек жағдайлары туралы ақпарат алуға;

11) өз пікірі мен сенімдерін еркін білдіруге;

12) өздерінің адамдық қадір-қасиетін құрметтеу;

13) оқудағы жетістіктерге, ғылыми және шығармашылық қызметке деген ынталандыру мен марапаттауға.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша күндізгі оқу бөлім студенттерінің құқығы:

1) жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қоғамдық көліктерде (тысыдан басқа) жеңілдікпен жүру;

2) оқудан бос уақытта оқу мен жұмысты біріктіру;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери қызмет мерзімін ұзарту.

Білім алушы міндетті:

1) Жарғыны, Ішкі тәртіп ережелерін сақтау, Кәсіпорын басшысының бұйрықтары мен өкімдерін орындауға;

2) сабақты себепті босатқан жағдайда Кәсіпорынға хабарлауға;

3) Кәсіпорынның мүлкіне ұқыпты қарау және оны тиімді пайдалану, оқу және жинақханада тұру үшін қолайлы жағдайлар жасауға қатысуға;

4) әскери есепке тұру тәртібін сақтауға.

22. Педагог қызметкер мен кәсіпорын арасындағы қатынастар жарғымен және ұжымдық шартпен реттеледі.

Педагогтың құқықтары:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды адамдар және басқа да тұлғалар тарапынан заңсыз араласуды және кедергі келтіруден қорғалуға;

3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуына және тиісінше мінсіз-құлық көрсетілуіне;

4) кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және қажетті жағдайлардың жасалуына;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және пайдалануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің оқу құралдарын, материалдарын және өзге де құралдарын таңдауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, білім беру қызметінің әдістемелік материалдары мен өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік жетіліктер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымға сайлануға және оны атқаруға;

10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

11) білім беру ұйымын басқарудың алкалы органдарының жұмысына қатысуға;

12) бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруға;

13) үздіксіз кәсіптік дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын тәсірлеуге;

14) біліктілік санатының мерзімінен бұрын берілуіне;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және педагогтік қызметке;

16) кәсіптік қызметіндегі табыстары үшін көтермеленуге;

17) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын сақтап-тұру және арттыру үшін «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;

19) өзіне қатысты қабылданатын ұйым басшысының актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым жасауға;

20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

Педагог міндеті:

1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді меңгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыруға (растауға);

4) педагогтік әдепті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патристтық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, қабілеттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) білім беру ұйымының басшылығына өмірлік қиын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;

10) құқық қорғау органдарына және білім беру ұйымының басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасау, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беруге.

23. Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни аллельдікті қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшілігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға құқылы емес.

24. Кәсіпорынның осы Жарғыда бекітілген қызметінің мәні мен мақсатына жауап бермейтін қызмет пен мәміле жасауға құқығы жоқ.

25. Басшының өз қызметтік міндетін жүзеге асыруға бағытталған әрекеттерде Жарғыны заңсыз бұзу оның еңбек міндетін бұзу болып саналады және осы жағдайда тәртіптік және материалдық жауапкершілік шаралары қолданылады.

4. Кәсіпорынды басқару

26. Ақмола облысының әкімдігі:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Кәсіпорынға коммуналдық мүлікті бекітеді;

4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының басқа заңнамасымен жүзеге асырылатын өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

27. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (көрсетілетін қызметтер) көлемін анықтайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспары және оны орындау жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуын бақылауды және пайдалануды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуына және сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді.

6) Кәсіпорынның еңбекті төлеу қорының көлемін жыл сайын орнатады;

7) Қазақстан Республикасының басқа заңнамасымен оның құзыретіне қатысты басқа да мәселелерді шешеді.

28. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

29. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек шарттарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шарттарын жасау арқылы рәсімдейді.

30. Кәсіпорын басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен анықталатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

31. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және барлық органдарда оның мүдделерін білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, жұмыс істеу шараларын қолданады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен басқаша қаралмаса, оларды жазаға тартады;

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына үміткерлер ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзіретін белгілейді;

10) келесілер үшін жауапты:

Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметі мен мүлкінің сақталуы;

төлеу табыстың орнатылған бөлігін бюджетке уақытылы емес аудару;

Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыру;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мәмілелерді жүзеге асырады.

12) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылауды жүзеге асырады және ол үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

13) Кәсіпорынды банкрот деп таныған немесе оңалту рәсімін қолданған жағдайда және Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында белгіленген тәртіпте уақытша, банкроттік немесе оңалту басқарушыны тағайындау, оны басқару бойынша барлық өкілеттілік тиісті уақытша, банкроттік немесе оңалту басқарушысына беріледі.

5. Кәсіпорынның мүлкі

33) Кәсіпорынның мүлкін құны оның балансында көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

34) Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейді және салымдар бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

35) Кәсіпорын мүлкі есебінен қалыптастырылады:

1) меншік иесі берген мүліктен;

2) не қалыптың нәтижесінде сатып алынған мүліктен (ақшалай табысты қоспағанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де мәмілелерден.

36) Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен негізделген қызметіне қамтамасыз ету үшін оған қажетті немесе осы қызметтің өзімен байланысты табыстың мүлкі болуы мүмкін.

37) Кәсіпорын басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көрсетілген жағдайларда заңнамамен белгіленген жағдайларда, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптармен және тәртіппен жүзеге асырылады.

38) Кәсіпорын басқарудағы мүлікті пайдаланудың табыстары, өнімі мен қызметі, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

39) Мүлкі жедел басқару құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорынға мүлкі өз балансына бекіткен сәтінде туындайды.

40) Кәсіпорынның шарттары негізінде негізгі құралдарына жататын мүлік негізден айыруға, сатып алу-сатуға, айырбастауға, сыйға тартуға арнамайды.

41. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы иелік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 249 бабымен көзделген негіздер мен тәртіпте, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 144, 154, 162 баптарымен қарастырылған жағдайларда тоқтатылады.

42. Осы **Жарғының** 40-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған **өзгеше** тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті жергілікті басқарушы органның жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға қарайды.

43. Кәсіпорын жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

6. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру

44. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен жоспарына **сәйкес** қаржыландырылады.

45. Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды жергілікті табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін **он жұмыс** күннен кешіктірмей жүргізеді.

46. Кәсіпорын **өзі** өндіретін өнімді және басқа да материалдарды дербес жүзеге асырады.

47. Жарғымен қарастырылмаған, Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған қызмет жасаудан Кәсіпорынның тапқан табысы, сондай-ақ **өндіретін** тауарға (жұмыстар, қызметтер) орнатылған бағаны жеткізуге нәтижесінде алынған бюджеттен қаржыландыру есебінен құрылған табысы Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіпте бюджетке алынуға жатады. Бухгалтерлік есеп ережелері бойынша оның бейнесіне сәйкес келмейтін мүлікті пайдалану фактісі анықталған жағдайда, ол да алынуға жататын болады.

7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

48. Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық қызметі жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

8. Кәсіпорынның есеп жүргізуі мен есептілігі

49. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігі жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті саласының

уәкілетті органының келісімі бойынша қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

50. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік балансты, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есептеу, капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

9. Кәсіпорынның жауапкершілігі

51. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапкершілікте болады.

52. Кәсіпорын мемлекет міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапкершілікте болады.

10. Кәсіпорынның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

53. Кәсіпорынның қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысымен орнатылады.

11. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас

54. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

55. Кәсіпорынның жұмыс тәртіптемесі ішкі еңбек тәртібі ережелерімен бекітіледі және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

56. Кәсіпорында қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

57. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған кәсіпорынның мүлкі Құрылтайшымен қайта бөлінеді.

58. Таратылған Кәсіпорынның несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған ақшасы Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

13. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

59. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Құрылтайшы енгізеді.

Басшы

Жарғыева С. В.

Т.А.Ә

С. В. Жарғыева

ҚОЛЫ



Утвержден
постановлением акимата
Акмолинской области
от 7 июня 2021 года
№А-6/288

УСТАВ **государственного коммунального казенного предприятия «Высший** **колледж города Степногорск при управлении образования** **Акмолинской области»**

1. Общие положения

1. Государственное коммунальное казенное предприятие «Высший колледж города Степногорск при управлении образовании Акмолинской области» (далее-Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве оперативного управления.
2. Учредителем Предприятия является акимат Акмолинской области.
3. Органом, осуществляющим управление Предприятием является государственное учреждение «Управление образования Акмолинской области» (далее - уполномоченный орган соответствующей отрасли).
4. Наименование Предприятия: Государственное коммунальное казенное предприятие «Высший колледж города Степногорск при управлении образования Акмолинской области».
5. Место нахождения Предприятия: индекс 021500, Республика Казахстан, Акмолинская область, город Степногорск, микрорайон 4, здание 130/1.

2. Юридический статус Предприятия

6. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.
7. Предприятие не может создавать юридические лица, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.
8. Предприятие может создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

9. Гражданско-правовые сделки, заключенные Предприятием подлежащие обязательной государственной или иной регистрации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, считаются совершенными с момента регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.

3. Предмет и цели деятельности Предприятия

10. Предметом деятельности Предприятия является реализация образовательных программ технического и профессионального, послесреднего образования, направленные на подготовку квалифицированных кадров, в том числе рабочих, специалистов среднего звена и прикладных бакалавров.

11. Целью деятельности Предприятия является:

1) создание необходимых условий для получения качественного образования, направленного на формирование, развитие и профессиональное становление личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей достижений науки и практики;

2) развитие творческих, духовных и физических возможностей личности, формирование прочных основ нравственности и здорового образа жизни, обогащение интеллекта путем создания условий для развития индивидуальности;

